

**«БізАлматы» 2-ші диалог алаңшасы шеңберінде
«Жасыл дәліз және қоғамдық кеңістік» тақырыбындағы
дөңгелек үстелде талқылау
Алматы қ-сы 2017 жылғы 30 қараша
SmArt.Point коворкинг орталығы**

- **Қазақстандағы Британдық Кеңестің директоры Джим Буттери** алғы сөзбен шығып сөйлеп, жасыл және қоғамдық кеңістіктерді құрудың, сондай-ақ осы мәселелерді шешу үшін мемлекеттік органдардың, бизнес-сектордың және қоғамдық қоғамдастық өкілдерінің ынтымақтастық орнатуы арқылы жалпықалалық күрделі мәселелерді шешуге бүкіл халықты жұмылдырудың маңыздылығын атап өтті.
- **«Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ Урбанистика орталығының басшысы Ливинская Наталья** алғы сөзбен шығып сөйлеп, жұртшылықтың түрлі топтары арасында диалог орнатудың, сондай-ақ қаланы абаттандыру және қала тұрғындары өмірінің сапасын арттыру саласындағы жобаларды дамытуға арналған ұсыныстарды жинаудың маңыздылығын атап өтті.
- **«Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ Урбанистика орталығының аға сәулетші-урбанисті Зайытов Ерқанат** «Қоғамдық кеңістіктерді құру: қалалық саяжайлар және жасыл аймақтар» тақырыбындағы таныстырым материалдарымен шығып сөйледі. Әлеуметтік, экологиялық мәселелерді есепке алудың, сондай-ақ қала тұрғындарын осы үдеріске жұмылдырудың маңыздылығы атап өтілді. Қалалық саябақ аумақтары мен скверлерді жобалау бойынша алғашқы, ашық қалалық шеберхананың жүргізілетіні де атап өтілді, соның нәтижесінде саябақтың 24 нобайлық жобасы әзірленіп, оның 8 жобасы қазіргі уақытта іске асырылуда, ал 16 саябақ бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Е. Зайытов, жүргізілген зерттеу жұмысы нәтижесінде, қаладағы саябақ аймақтары қалалық ортада тұруға өте ыңғайлы жағдайды ықтимал түрде жасай алатын **«жасыл дәлізді»** құрайтынын атап өтті.
- **Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының (бұдан әрі – ТРЖТРБ) өкілі Құсайынов Ержан** таныстырым материалдарымен шығып сөйлеп, Басқарма қызметінің ағымдағы негізгі бағыттарына, яғни қаладағы экологиялық ахуалды жақсарту, қалалық инфрақұрылымды газбен қамту, велосипед жолдары мен жаяу жүру аймақтары желісін дамыту, қалада көлік қойылатын кеңістіктерді дамыту, Алматы қаласын көгалдандыру Тұжырымдамасын әзірлеу сияқты мәселелерге қысқаша тоқталып өтті.
- **Алматы қаласының Сәулет және қала құрылысы басқармасы (СЖҚБ) басшысының орынбасары Ахмеджанов Алмасхан** таныстырым материалдарымен шығып сөйлеп, осындай сипаттағы іс-шараларды өткізудің маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар, 2018 жылы қаладағы 18 көшенің орнына жаяу жүру аймақтарының салынуы жоспарланғанын айтты. Мұның барлығы қала

тұрғындарының жайлылығы үшін жасалып отыр. 2018 жылы қаланың шеңберін тұйықтау мақсатында Төле би көшесі, Достық даңғылы, Абай даңғылы, Есентай өзенінің жағалауы бойында және тағы басқа жерде баяу жүру аймақтарының салынуы жоспарланған. Мақсат – қала жайлы болуы, әрбір қала тұрғыны өзін үйдегідей сезінуі, әрбір көше көрікті болуы үшін қаланы абаттандыру екенін атап өтті. Сондай-ақ, бұл аймақ шағын және орта бизнесті дамыту өзегі болады. Аталған жобаның мақсаты – қаланың белгілі бір көркін келтіру.

Осы жобаның міндеті – түрлі аудандарды, соның ішінде Достық даңғылын бастапқы қалпына келтіру, қаланың көп орталықтығын дамыту мақсатында қаладағы ерекше қосалқы орталықтарды Алматының інжу-маржаны ретінде жасау. Ескі қаланың шекарасы болып табылатын Абай даңғылында да қосалқы орталық ұйымдастырғымыз келеді.

-
- **Қаланың көліктік құрамдас бөлігін** талқылау барысында, қала маңынан келетін автомобиль иелері өз көліктерін күзетілетін көлік қою орындарына қалдырып, күтіп тұрған басқа қолжетімді қоғамдық көлікке (автобустар, электрлі темір жол пойызы және т.с.с.) мінуі үшін кешіп өтетін көлік қою орындары тетігін көздеу туралы ұсыныс білдірілді.
 - Сондай-ақ, Әл-Фараби даңғылының бойымен АҚШ мысалы негізінде келесі тәсілдемені қолдану ұсынылды: автобанда, шеткі сол жақ жолда, 2-ден артық жолаушы отырған автомобильдердің жүруіне рұқсат етілген.
 - Көру қабілеті бұзылған мүгедектер қоғамының өкілі ынтымақтастық орнатуға дайын екенін жеткізді. Көшелерді абаттандыру сияқты жобаларда көру қабілеті бұзылған мүгедектердің пікірін ескерген маңызды. Алматыдағы автокөліктің 70-80%-ы мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға бейімделмеген. Панфилов көшесінің бойымен жаяу жүрушілердің қозғалысы шектелген. **Алматы қалалық мүгедектер Қоғамының басшысы Әли Аманбаев**, өзін және халықтың аз қозғалатын тобының басқа өкілдерін көшелерді абаттандыру үдерісіне және қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру жөніндегі басқа жобаларға қосу туралы ұсыныс білдірді.
 - Оның үстіне, Үлкен және Кіші Алматы шатқалы арасында көлік дәлізі болмағандықтан, сондай дәліз ұйымдастыру туралы ұсыныс білдірілді. Аталған көлік дәлізінің әлеуеті орасан зор. Сонымен қатар, осы аумаққа құрылыс салу бойынша ҚНЖЕ енгізу керек. Бұл жоба үлкен көрініске ие жоба болғандықтан, оған девелоперлерді және осы ауданның тұрғындарын жұмылдыруға болады.
 - Содан соң, **жасыл аймақтарды ұйымдастыру және абаттандыру** мәселесі талқыланды. Оңтайлы есептеуге сәйкес, 1 тұрғынға 13 ш. м. көгалдандыру ұтымды болып саналады. Алматы қаласының халқы 1 млн. 508 мың адамды құрайды, яғни бүгінгі таңда қалада 447 га көгалдандырылған болса да, әлі 26 млн.

ш. м. көгалдандыру керек. Бұл дегеніміз, қалада жасыл көшетпен қамтамасыз ету деңгейінің 6 есе төмен екенін білдіреді.

- Көшелерді абаттандыру нәтижесінде, бизнеске берілмейтін саябақ аумақтары туралы ойлану ұсынылды. Ұзыннан-ұзақ жаяу жүргінші көшелерінен бас тартып, шектеулі қалалық квадратта 14 кварталды қамтитын жаяу жүру аймағы ұйымдастырылған Барселона қаласын өте жақсы мысал ретінде келтіруге болады.
- Саябақ аумақтарының арналымы мен инфрақұрылымын қаланың қажеттілігіне сай бағдарламалау керек. Мұны, қаланың бюджетін жоспарлаған кезде ескеру қажет. СЖҚБ жобаларды жақсарту үшін қала тұрғындарының сын-пікірін назарға алуға дайын екенін хабарлағанын атап өткен жөн.
- Әкімдікке, көгалдандырылмаған және ағаш отырғызылмаған **көше кеңістігінің** аумағын қолданатын әрбір кәсіпкерді ағаш отырғызуға және аумақты көгалдандыруға міндеттеу туралы өзінше бір реформа енгізу жөнінде ұсыныс жасалды.
- Қазіргі уақытта **сәулет коды жөніндегі жоба**, қаланың 3-Д проекциясындағы үлгі-картасы әзірленіп жатыр, оларда ауа ағындары мен көгалдандырылған аймақтар да көрсетілетін болады. Жоғарыда аталған ұсыныстар, сәулет коды жөніндегі стандарттар мен нұсқаулықтарға енгізу үшін қаралатын болады.
- Жасыл секторы өкілі, Есентай өзенінің бойында 1975 жылғы Бас жоспарда негізі салынған «жасыл» аймақты ұйымдастыру туралы ұсыныс білдірді. Аталған жоба сіздің жобаңызда қазірдің өзінде бар. Бұған назар аударып, сол жақтағы шағын құрылыстарды қиратып, олардың орнына «жасыл», рекреациялық аймақты немесе спорттық аймақты қарастыру керек. Мұны жұртшылықтың өзі шешуі тиіс.
- Алматы қаласының Смарт туризм Орталығының өкілі ақпарат саласына қатысты ұсынысын білдірді. Қазір интернет желісінде бүкіл қала мен оның **туристік нысандары** көрсетіліп, 4 тілде: қазақ, орыс, ағылшын және қытай тілдерінде баяндалған карта бар. Ол, жасыл аймақтарды көрсету үшін осы ресурсты қолдану туралы ұсыныс білдірді. Осы тәжірибені, шетелдіктерге қаладағы ақпарат саласын қоса алғанда, «жасыл» дәлізді электрондық нысанда, ағылшын тілінде көрсету үшін қолдануға болады.
- **БҰҰДБ/ЖЭҚ «Алматының тұрақты көлігі» өкілі Ерзакович Елена** жобаны жақсарту үшін келесі екі фактормен жұмыс істеуді ұсынды:
жұртшылықпен талқылау жұмысы жүргізілмейді және ынтымақтастық орнатылмаған: «БізАлматы» диалог алаңшасы үшін пікірлерді есепке алуға арналған қоғамдық тыңдау форматын қарастыру қажет;
көшелерді абаттандыру жөніндегі жобаларды орындау сапасы: осы жағдайды жақсарту үшін белгілі бір тетікті, мысалы орындау сапасына жүргізілетін қоғамдық мониторингті әзірлеу керек.



















































- **UrbanTalks өкілі Молдахметова Әнел** ұсыныс енгізу тетігін регламенттеу, енгізілген ұсыныстар негізінде қорытынды құжат жасау туралы ұсыныс білдірді. «Жасыл» дәліздің түпкілікті нұсқасын талқылау үшін байланыс арнасын жасау қажет.
- Лондон қаласында Equality Screening Process, яғни теңдік бойынша скрининг үдерісі іске асырылуда. Осы үдерістің тетігі мынада: мемлекеттік деңгейдегі немесе қандай да бір ұйымның деңгейіндегі қандай да бір бағдарламаны іске қосар алдында, халықтың барлық топтарының өміріне осындай бағдарламаның ықпалы мен әсерін зерттеуді және талдауды ұсынамыз, осылайша, осындай скрининг жүргізген кезде халықтың барлық топтары үшін қажетті тетіктері ерте кезеңде көздеп, енгізуге болады.
- **Көгалдандыру Қауымдастығының Президенті Антоненко Татьяна** қоғамдық кеңестер мен қала құрылысы кеңестері сияқты маңызды құрылымдарға және әртүрлі комиссиялар мен топтардың барлығы қоғамдық ұйымдар мен қауымдастықтардың өкілдерін қосу, осылайша, бірге қызмет ету және жобалық сатыдағы шешімдерді де көздеу туралы ұсыныс білдірді.
- **«Қаланы дамыту үшін кім жауапты?»** тақырыбы бойынша дауыс беру қорытындысы: 25 дауыс – қала тұрғындары үшін, 23 дауыс – әкімдік үшін, 12 дауыс – кәсіпкерлер үшін.
- **Қазақстандағы Британдық Кеңестің төрағасы Мұқитанов Данияр** таныстырым материалдарымен шығып сөйлеп, «БізАлматы» үш жылдық жобасының шеңберінде Британдық Кеңес, Алматы қаласының әкімдігі, «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ және Қазақстан-Британ техникалық университеті бірігіп жобалар конкурсының басталуы туралы жариялағанын айтып берді. Гранттың ең көп мөлшері: әрбір жобаға 5 000 еуро. Жобаны Қазақстандағы Еуропа Одағы қаржыландырады.
Конкурс туралы толығырақ ақпарат мына сілтеме бойынша қолжетімді: https://www.britishcouncil.kz/sites/default/files/challenge_fund_final_rus_v1.pdf

Алматы қаласындағы «Жасыл дәліз» көзқарасы





** **Жасыл дәліз**– Алматы қаласындағы саябақ аймақтарын, қоғамдық кеңістіктерді және басқа да тарту нүктелерін біріктіру үшін велосипед тебу – жаяу жүру бағдарын ұйымдастыру жобасы.*


Жаяу жүргінші көшелері желісі

Тарту нүктелері

-  Горький саябағы
-  Зообақ
-  Баум шоқ тоғайы
-  Зират
-  Зират
-  Құмбыл базар
-  Алматы 1 вокзалы
-  Сейфуллин саябағы
-  Көктөбе
-  Алматы 2 вокзалы
-  Ботаникалық бак
-  Оңтүстік саябағы
-  Тұңғыш Президент саябағы
-  Олимпиадашылар саябағы
-  Гагарин даңғылы
-  Family park
-  «Алатау» шпатажайы
-  Әуезжай
-  Стадион Цирк
-  Әкімдік
-  Әкімдік
-  Президент саябағы
-  Н. Тілендиев ат. саябақ
-  Медеу
-  Достық саябағы
-  Сайран көлі
-  Алма-Арасан
-  Ескі Алан
-  Әкімдік
-  Байқаламов бульвары
-  Қ. Сәтбаев ат. саябақ
-  Қызыл саябақ
-  ҰАК
-  Мем. мұражай саябағы
-  Айнабұлақ 2
-  ықшам ауданындағы
-  Желлік саябақ
-  Оқушылар сарайы
-  ҚазДрамТеатр
-  Түркісіб шоқ тоғайы
-  Маяк шоқ тоғайы
-  Балалар саябағы
-  Шұғыла саябағы
-  Әуезжай даңқы саябағы
-  Шығармашылық саябағы
-  Тексай саябағы
-  Қайырбеков саябағы
-  Жас Қанат саябағы
-  Қарағайлы саябағы
-  Саялы саябағы

Желі

-  Үлкен Алматы өзені
-  Мақатаев көшесі
-  Шевченко көшесі
-  Шалайин - Сәтбаев көшесі



Map data © 2017 Google

«БізАлматы» диалог алаңшасына қатысушылардың ұсыныстары:

- Еріктілер, белсенді азаматтар қатысатын экологиялық патруль құру;
- Арық жүйесінің аумағын велосипед жолдары ретінде қолдану;
- Халықтың аз қозғалатын топтары үшін барлық инфрақұрылымы бар тұрғын үй кешенін үлгі ретінде салу;
- Гоголь-Мұратбаев көшесінде шахмат үстелдерін орнату;
- Панфилов көшесінің атауын Панфилов бульвары деп өзгерту;
- Экологиялық ұйымдарды тарту;
- Мектеп автобустарын іске қосу;
- Әрбір ауданда оқушылар үйін ашу;
- Наурызбай ауданында театр/мұражай/галерея/арт-кеңістік салу;
- Ағын сулардың ағып кетуін сауатты түрде жөнге салу;
- Алтын Орда базарын тазарту;
- Ташкент көшесінің бойымен Алтын Орда базарына апаратын метро салу;
- Әуелі көпірлер салу;
- Ботаникалық бақтың оңтүстік бөлігін қайта құру;
- Манас көшесін көгалдандыру;
- Мұстафа Өзтүрік көшесінде жаяу жүру аймағын жасау;
- Қаланың солтүстік бөлігін абаттандыру;
- Пластик шөлмектерді жинайтын контейнерлер санын арттыру;
- Алматыдағы ҰАА жобасын қайтару;
- Аялдамалардың жанына киоск орнату;
- Жаяу жүру аймақтарының қиылысында ағаштар отырғызу;
- Сәтбаев-Байтұрсынов көшелеріндегі орындықтардың жанына ағаш отырғызу;
- Аула ішіндегі кеңістіктерге көңіл бөлу, тазалау, жөндеу және қоқыс жинау;
- Жасыл дәлізді жоспарлау кезінде велосипед жолдарын жүргін бөлік пен жаяу жүру аймақтарынан физикалық түрде бөлу;
- Саябақ аймақтарында әжетханаларды, тамақтану орындарын ұйымдастыру.